

Марғұлан ағамыздың «Алаштан түркінің қос бұтағы оғыздар мен қыпшақтар тарады» деп, «Алаш» атуын тарих қойнауына тереңдетіп, терминнің қолданылу аясын кеңейте түсуі, әсте, негізсіз емес. «Алаша хан» Оғыз қаған болуы мүмкін бе? Әлкей Марғұлан ағамыздың «Алаша ханның екі баласының біреуінен Сейілхан, одан сегіз арыс түрікпен, екіншісінен Жайылхан, одан Қыпшақ, кейін қазақ пен қарақалпақ шыққан, түркіпендер боз оқтан, қазақтар үш оқтан тараған» деген пікіріне дереккөз іздейтін болсақ, мұндай нақты дерек түркінің көне жыры «Оғызнамада» айтылады. Оғыз қағанның ғұмырын баяндайтын жырдың соңғы жолдарында оның бәйбішесінен туған Күн, Ай, Жұлдыз атты үлкен ұлдарын Шығыс жаққа, тоқалынан туған Көк, Тау, Теңіз атты кіші ұлдарын Батыс жаққа аң-құс аулап келуге жұмсайды. Аңнан олжалы оралған Күн, Ай, Жұлдыз әкесіне алтын жақ әкеп береді. Көк, Тау, Теңіз де қанжығылары майланып, әкесіне үш күміс оқ әкеп береді. Оғыз қаған ұлдарына разы болып, оларға: «Оқтай болыңдар» деп әкелген сыйлықтарын өздеріне береді. Ұлдары үшін ұлан-асыр той жасап, сол кезде «оң жақта бозоқтар, яғни, Күн, Ай, Жұлдыз, сол жақта үшоқтар, яғни, Көк, Тау, Теңіз отырды». Көріп отырғанымыздай, «Оғызнама» жырын негізге алсақ, Әлкей Марғұланның айтуындағы Алаша ханымыз Оғыз қағанның нақ өзі болып шығады.

Ал, енді қара қазақ шақыратын «Алаш» ұраны «алаш — алаш болғанда, Алаша хан болғанда, бұл қалмаққа не қылмадық» деген сөздер кейінгі Алаша есімімен байланысты деу қисынға келеді. Бұл орайда Саккұлақ би шежіресін, Ә. Диваевтың, Г.Н. Потаниннің, Ш. Уәлихановтың, А. Янушкевичтің, Ш. Құдайбердиевтің, М. Тынышбаевтың ел арасынан жинаған аңыз-әңгімелерін, күнделік жазбалары мен ғыл. мақалаларын атаған жөн. Олардың бірінде-алапес болып туған бала, екіншісінде - алашаға отырғызып көтерген хан, үшіншісінде - Ұлытаудан асырып тастаған баланың әскербасы болғаны, төртіншісінде - қалмақты қорқыту үшін «Алаш» сөзін ұран еткені айтылады.

Әдебиет тізімі

1. Рашид ад-дин. Сборник летописей. – Москва-Ленинград, 1952. – 81 б.
2. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 13-14 б.
3. Құрбанғали, Х. Тауарих Хамса. – Алматы, 1992. – 51-57 б.
4. Құдайбердіұлы, Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: «Қазақстан» және «Сана», 1991. – 84 б.
5. Мәшһүр, Ж. 8 том. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 130-131 б.
6. Сейдімбек, А. Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау. – Астана: Фоллиант баспасы, 2008. – 215-216 б.
7. Марғұлан, Ә. Ежелгі жыр аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалары. – Алматы, 1985. – 201 б.

Исенов, Ө.И.,

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Анасова, А.Б.,

*Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарих магистрі,
ҚМПИ, Қостанай, Қазақстан*

БАРЛЫБЕК СЫРТАНОВТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОГРЕСС ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

XX ғасырдың басындағы уақыт кезеңінде қазақ қоғамында ұлттық ояну процесі бәсең болса да көрініс бере бастаған еді. Қазақ даласындағы саяси, әлеуметтік даму әлеуметтік прогреске жетуді, ғылым мен білімді жан-жақты дамыту, көшпелі қазақ халқын оқу-ағартушылық ісіне тартумен қалыптастырудың нәтижесінде болатындығын дәлелдеді. Барлыбек Сыртанов Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ ойшылдары мен ағартушылары сияқты ел басына қара түнек болып төніп тұрған қараңғылық пен надандықтан, рушылдық, жүзге бөліну дертінен және отарлық саясаттың «бөліп ал да билей бер» әрекеттерінен туындайтын, соның тікелей салдарынан қазақ даласында кең етек жая бастаған жағымсыз, бұрын халыққа

беймәлім болған қарама-қайшылықтарды дер кезінде көре білді, оны шешудің жолдарын ойластырды. Осы орайда ол қазақ халқының дертіне айналған аталмыш көріністерді тек сынап қана қоймай, сонымен қатар, қарама-қайшылықтарды шешудің тетіктерін анықтап, ойын ортаға салады. Оның негізгі идеясы – қазақ халқын тез арада өркениетті мемлекеттердің сапына көтеру, әлеуметтік прогрестің даңғыл жолына түсіру, бостандық пен теңдікке жеткізу, халықтың бойындағы бостандыққа деген рухын іс жүзіне асыру. Себебі, «қайсыбір халық, қандай даму сатысында және қандай ауыр жағдайда болмасын оның санасында әрқашан да бостандық рухы орын тебеді!».

Бірақ, бір айта кететін мәселе – Барлыбек Сыртановтың әлеуметтік прогреске, бостандық пен теңдікке және бақытты өмірге бағытталған саяси-құқықтық идеяларының мазмұны заман талабымен сол кезеңнің әлеуметтік, саяси қайшылықтарын ғана шешумен шектелмейді. Оның бұл бағыттағы көрегендік ойлары мен саяси-құқықтық қағидалары бүгінгі күні де өзінің мәнін жоймағанын аңғарамыз. Олай болса, Барлыбек Сыртановтың қажетті ойларын әлеуметтік практикада іс жүзіне асыру прогреске жетудің заңды тарихи байланысы болса керек. Ойшыл Ж.А. Кондоросэнің пікірінше, әлеуметтік прогресс «көп сандағы қоғамға біріккен индивидтерден бір мезгілде байқалған дамудың нәтижесі. Бірақ, сол сәтте байқалған нәтиже, өткен сәттерде жеткен нәтижелерге байланысты болады және болашақта жетуге болатындарға әсер етеді» [1, 18 б.].

Барлыбек Сыртановтың пікірінше, қазақ халқының әлеуметтік прогреске жетуіне бірнеше тосқауылдар мен дерт бар. Олардан мүлдем кіндік үзбей, қазақ халқының алға қарай аяқ басуы, дамуы мүмкін емес. Барлыбек Сыртановтың жазған еңбектеріне мұқият талдау жасап қарасақ, сондай дерттің ең негізгісі – рушылдық, халықта ұлттық сананың қалыптаспауы, соның нәтижесінде, бірліктің, ынтымақтастықтың жоқтығы. Оның пікірінше, жеке мемлекет боламыз деген халық рушылдықтың тамырына балта шаппаса, әлеуметтік прогресс идеясы қазақ қоғамында бәсең дамиды, ішкі қайшылықтар халықтың арасына іріткі салады, ұлттық патриотизм идеясы қалыптаспай, жеке адамның санасы, болмысы тек рулық қатынастардың деңгейімен ғана шектеледі. Осы мәселенің ең маңызы, қандай заман болса да қазақ халқына көкейтесті болатынын аса көрегендікпен байқаған Барлыбек Сыртанов өз ойларын былайша қорытады: «Бір руды бір ру жаудай көреді. Бірін-бірі бөтен санап, әлі келсе жеп қояды тірідей. Бәрі бір халық, өз халқын өзі бөтен санаған жалғыз-ақ біздің қазақ жұртында болар. Бір ру елдің ішінде бөтен рудан біреу болса, оған күн жоқ, теңдік жоқ. Осылай бірін-бірі жау санаған соң, қазақта береке қалмай барады. Бір атаның баласы бір атаның баласын талап, әлі келсе қылмағаны болмайды. Себебі неге десең, анау бөтен, ананың жұрағаты, міне, біздің бұзылып баратынымыз». Қандай көрегендік пікір десеңізші! Тіпті, қазір де, тәуелсіздіктің көк байрағын көтеріп, жеке мемлекет болған уақытта рушылдық пен жүзге бөліну көп жағдайда дарынды тұлғалардың саяси аренаға шығуына кедергі болатынын жасыра алмаймыз. Керісінше, беделсіз, білім деңгейі төмен, шала сауатты адамдардың тек руына байланысты лауазымға ие болуын көргенімізде, әлеуметтік прогрестің дамуы тежелетіні даусыз болса керек. Барлыбек Сыртанов көтерген бұл проблема осы күні де көкейтестілігін жойған жоқ, баспасөз беттерінде жиі-жиі көтерілуде. Ұлы бабамыз Төле бидің «Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін» деген өсиеті Барлыбек Сыртановтың ойларынан да үндестік тапқаны, асқан даналықтың белгісі болса керек. Себебі, қай заман болмасын қазақтың ұраны – бірлік.

Барлыбек Сыртанов бірін-бірі қасқырша талап жатқан, алты бақан ала ауыз қазақты түзеудің бір жолы – кертартпа, сорақы қасиеттерін бетіне басу, әшкерелеу. «...Жамандығын бетіне бассaq, ой түсіп, екіншісі де түзелер» – деп атап көрсетеді Барлыбек Сыртанов. Бұл жерде оның ойлары біршама Абайдың ойларымен үндес болғанын аңғарамыз. Яғни, сынау арқылы халықты прогреске қарай аяқ бастыру, дамыту.

Барлыбек Сыртанов қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосуға тағы бір тосқауыл болып тұрған дерт, көрініс – лауазымға, шенге таласудан туындайтын қақтығыстар мен қарама-қайшылықтар. Ол орыс империясының "бөліп ал да, билей бер" саясатын енгізген, бір-бірін лауазымға таластыру арқылы халықты әлсіретіп, бір-біріне айдап салып

билеп-төстеудің зардаптарын көре білді. Осы бағытта болыстық қызметке таласқан шала сауатты, елірме ел басыларының жантүршігерлік қимыл-әрекеттерін батыл сынап, халықтың түбіне жетіп тынатынын айқын көрсете білді. Барлыбек Сыртанов билік жүргізуді асқан даналық қасиеттерге ие, білімпаз, халық арасында беделі мол адамдардың құзырына жатқызады. Ол былай деп атап көрсетті: «Қазақтар... әділдік жолын ұға қоймайды. Қызметке кірген би, болыстар, старшындар, халыққа қызмет қылуына сайлаған екенін білмейді һәм халыққа олар өзіміз қызметшіміз деп ойламайды, қызметкерлер өздері халықтың бәрін айдап, өз еркімен биле деп бұйырғандай көреді... халқымызға қызмет қылып, жұртқа пайда ойлап, халықтың жұмыскері болмақ түгіл, елімізді момын, мінген аттай көріп, білгенін қылатын болатын болды. Халыққа қылғаны зорлық». Бұл мағынадан жасалатын қорытынды: Барлыбек Сыртанов қазақ қоғамының әлеуметтік прогреске жетудің негізгі өзегі кәсіби, сауаттылық деңгейі терең, білімді дара тұлғалардың ел басқару ісіне араласуы деп білді. Ал, білімсіздік пен надандық ұлттың көркейуінің қас жауы. «...қырдағы болыс, би, старшыңға қызметіне орысша оқу білетінімен әншейін қазақ таласса, оқу білетіндерді бекітсін...Бұл... үлкен жақсылыққа жүрсе керек» – деп тұжырым жасайды өз ойларын Барлыбек Сыртанов [2, 49 б.].

Мемлекетті лауазымды адамдарды тағайындау арқылы емес, керісінше сайлау, халықтың дауыс беруі арқылы қалыптастыру Барлыбек Сыртановтың ойынша, прогрессивтік сипаты бар және демократияның салтанат құруының айғағы. Оның ойынша, тек әділетті сайлау арқылы қалыптасқан өкімет халық атынан билік жүргізуге құқылы. Ал, тағайындау тоталитарлық жүйеге тән және жеке басшының қалауы, сондықтан субъективизмге жол берілуі ғажап емес. Бұл – прогреске тосқауыл болатын фактор. Барлыбек Сыртанов былай деп жазды: «...билік...» қызметі шығарғанда...қазақ халқы өзіне қызмет қылуға жарайтын, халықтың пайдасын ойлайтын адамдарды сайлайды ғой дегені».

Байқап қарасақ, Барлыбек Сыртановтың ойынша, сайлау өркениеттіліктің жемісі, демократияның салтанат құруының айқын көрінісі, бірақ, партияға бөлу патша өкіметінің отарлық саясатынан туындайтынын жетік түсіне бермейді. Барлығына кінәлі түскен ұлттық прогресті ойламайтын, білімсіз, надан, тек шен, атақ қуған адамдар. Барлыбек Сыртановтың пікірінше, сайлауда дауысқа түскен адамдар ұлтының әлеуметтік прогреске жетіп, өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылуын ойламайды, олар тек қана мың күнгі байлықтан бір күнгі билікті жақсы көреді. Қазақ халқының білімге кіріспеген надандығы, әйтпесе болыстық қызмет бектік болмас еді, бейнет болар еді һәм болысты әркім алып қызмет қылуға міндеттенгенін мынаны қыл деп отырса, бектік бола қоймас еді. Оның бектік болып жүргенінен қазақ дәнеме білмейді, болыстары ертегідегі патшалардай ұрғанды ұрып, дүре салғанға дүре салып, білгенін қылып жүреді, қарсы тұратын ешкім жоқ. Ұлықтық һәм болыстықты жақсы көретіндер болыс болып, байлыққа жету, бұлардың бәрі қазақты болыстыққа таластырады". Қазақ халқына дерт болып жабысқан шенге, атақ, дәрежеге таласуда алдына жан салмаған ұлтымызды өте орынды сынаған және оның осы мақсаттарына жетудегі психологиялық ерекшеліктерін айқын көрсете білген. Дәл қазіргі кезеңде, осы пікір айтылғаннан кейін тура 100 жыл уақыт өтсе де қазақ салты, психологиясы өзгермеген. Құқықтық мемлекет құру барысында, прогреске аяқ басуға, нарықтық қатынастарды дамытуға өлшеусіз кедергі болып тұрған мәселелердің сапынан осы Барлыбек Сыртанов көрсеткен бақталастық, қайткен күнде берсе қолынан, бермесе жолынан (заңсыз әрекеттерді пайдалану арқылы), әйтеуір, лауазымға ие болу қазаққа әлі де дерт болып жабысып тұр. Тек «болыс» деген сөздің орнына «әкім», «директор», «министр», «ректор», «президент» деген сөздер қойылады. Барлыбек Сыртанов қандай көрегендік ой білдірген десеңізші! Қайран қалмасқа болмайды. Ұлтты, мемлекетті прогреске қарай бастайтын, ел басына қиын сәттер түскенде даналықпен ел билеп, жұрт ұстаған әрқашан дарынды тұлғалар. Халықты әлеуметтік дамудың жоғарғы сатысына көтеру тұлғалардың қызметімен, ұлт үшін атқарған жан-жақты әрекеттерімен тікелей байланысты. Бұл қағида іс жүзіне аспаған

мемлекетте прогрестің дамуы бәсең жүруі ешбір ғажап емес. Барлыбек Сыртановтың аса данышпандығы осында.

Сонымен қатар, Барлыбек Сыртановтың пікірінше, қазақ халқының басқа өркениетті халықтардан, жалпы прогрессивтік дамудан артта қалуының негізгі себептерінің бірі - жалқаулық. Еріншектік пен жалқаулық, оның ойынша, көшпелі өмір салтымен, оның тыныс-тіршілігімен, яғни, географиялық фактормен тікелей байланыста болып қалыптасқан құбылыс, сол кең кеңістікте еркін мал кәсібімен айналысудың жемісі. Ол былай деп жазды: «...біз ешбір өнер, кәсіп, ғылым, білім білмейміз, себебі, дәнеме қылмауға үйреніп кеттік, құрдың таза ауасына рахаттанып. Мұнда тұру арзан, ертеңгі күнді ойламай, жүріс-тұрмысымызды түзейік дейміз. Енді бұрынғыдай көп жер жоқ, мұнда малға, мал, егін шаруасымен тұру қиын». Бүгін де қазақ ұлтынан байқап, көріп жүрген құбылыс. Қазақ әлі де еңбек қылып, жер өңдеп, өнім алудың орнына жалқаулықтан аштан өлуге жақын [3, 54-59 б.].

Барлыбек Сыртанов қазақ халқының әлеуметтік прогреске жегіп, Еуропа мәдениетін, ғылымын меңгеру үшін жаппай ілімді дамытып, ұлттың сауаттылығын арттырудың ауадай қажет екенін дәлелдейді. Яғни, оның ойынша, ғылым мен білімді жетік меңгерген ұлт ел басына түнек болып түсіп тұрған қараңғылық тұманын серпіп тастап, өркениетті мемлекеттерде өмір сүрген халықтардың сапына қосыла алады. Білімді дамыту халықтың сана-сезімін тереңдетіп, ақыл-ойына үрдіс береді, соның әсерінен ғылыми нәтиже пайда болады, техника дамиды. Атап айтсақ, ол былай дейді: «Қарайсың, көресің қазақ қараңғы адамдар. Егер бұрын біздей-ақ надан, бұл күні білімді болған халықтар қазақтардай ғылым, білімнен қашып жүрсе, бұл кезде оларда машина, завод, фабрика, телеграмм, темір жол, пароход һәм өзге ғылым-білімнен шығарғандар жоқ болар еді. Білімді халық біздің қыл, тері, жүн-жұрқамыздан қымбат, жақсы нәрселер, шұға, былғары істеп, өз еркімен дүние айналып, жол жүріп, бөгетсіз мұхиттан өтіп, Сүлеймен патшаның ақылымен жаратылғандай от арбасына, кемесіне мініп, даладан, таудан, судан өтіп жүргенде, ақ шайтанның күшімен алғандай, жер түбінен телеграммен олар хабар алғанда, біз қазақ халқы олардың бірін де ұқпаймыз» [4, 50 б.].

Қанша айтқанмен Барлыбек Сыртанов қазақ халқының болашағына сеніммен қарайды, эволюциялық даму барысында білімді, техниканы меңгеріп, басқа дамыған мемлекеттердің қатарына қосылатынына кәміл сеніммен қарайды. «...күні ілгері білімге біз де жетеміз», - дейді Барлыбек Сыртанов.

Бірақ, Барлыбек Сыртановтың ойынша, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ішкі шиеленісі мен қайшылықтары әлі де ұлттың өркендеп өсуіне, цивилизациялық деңгейге көтерілуіне тосқауыл болатынынан қатты үрейленеді, өзін-өзі жүнше түтетініне қорқынышпен қарайды. Яғни, қазақ алты бақан алауыздықтан арылмай, жеке мемлекет болып тұруы екіталай. Оның ойынша, қазақ халқы «осы күнге шейін ұрыс-керіс, зорлық, жанжалын қоймайды. Қырға тыныштық түссе де, біз әлі жүріс-тұрысымызды түзегеніміз жоқ», - деп қорытынды жасайды Барлыбек Сыртанов. [5, 60 б.].

Әрине, XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында бірден, тез арада ғылым мен білімді тарату және игеру мүмкін емес еді. Оған ешқандай материалдық жағдайлар мен ұлттың санасы дайын болған жоқ. Бұл саладағы Барлыбек Сыртановтың ұшқыр ойлары біртіндеп даму барысында іс жүзіне асты. Қазір ғылымды, техниканы меңгерген қазақ халқы өркениетті елдердің сапынан көрінуде, ғарышқа өз азаматын көтерді, атом, кибернетика, машина жасау, биология, химия, металлургия салаларында дүниежүзіне әйгілі болды. Білімнің пәрменді құдіретін ерте түсінген Барлыбек Сыртановтың ұшқыр ойларын қазақ халқы әлі де дамыта түсетіні сөзсіз. Әлеуметтік прогресс білімнің негізінде дами бермек.

Әдебиет тізімі

1. Өзбекұлы, С. Барлыбек Сыртанов. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 108 б.
2. Каратаев, М. Сөз зергерлері. – Алматы: Баспа, 1966. – 234 б.

3. Сартаев, С., Созақбаев, С. Материалы по истории государства и права Казахстана. – Алматы: Атамұра, 1994, – 256 б.

4. Қамзабекұлы, Д. Алаш мұраты – отандық білім мен ғылым негіздеуші күш. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 300 б.

5. Құл-Мұхамед. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. – Алматы: Атамұра, 1998, – 289 б.

Исенова, Г.,

*Сырбай Мәуленов атындағы гимназияның
жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі, Қостанай қ., Қазақстан*

АЛАШТАНУШЫ К. НҮРПЕЙІСОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Қазақ тарихтану ғылымында фактілік және теориялық – методологиялық тұрғыдан жүйелі зерттеу мен баяндауда қағажу көріп келе жатқан тақырптардың бірі, әрине, ұлт-азаттық қозғалыс, соның ішінде ХХ ғасырдағы империялық езгіге қарсы азаттық күрестің шырқау биігі ретінде көрінген Алаш қозғалысы. Ресми тарихтану ғылымында ХІХ ғасырдағы Кенесары Касымов бастаған қозғалыс феодалдық – монархиялық көтеріліс есебінде бағаланғаны сияқты, Алаш қозғалысы да ұлт-азаттық емес, буржуазиялық-ұлтшылдық мұраттарды көздеген құбылыс ретінде талдануға тиіс болды. Пролетарлық интернационализм принциптерін жамылған бұл көзқарас, шын мәнінде ұлы державалық, империялық мүдделері жан-жақты негіздеуді өзінің басты міндеті деп білген ресми тарихтанудың негізгі постулаттарының біріне айналды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүз жылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес» [1, 22 б.], – деп ерекше атап көрсеткен болатын. Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің тарихы өзекті тақырып болып отыр.

Жалпы, ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамы үшін күрделі кезең болды, бір жағынан, ескі феодалдық қатынастар қоғамдық дамуға кедергі келтірсе, екінші жағынан, оларды ауыстыра аларлық жаңа қоғамдық қатынастар тым әлсіз күйде еді. Елдегі мұндай ауыр жағдайды патшалық империализмнің қарқынды отарлау және орыстандыру саясаты тереңдей түскен болатын. Міне, осындай жағдайда қоғамдық күреске қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш ұлттық интеллигенция араласып, қазақтың ұлттық тәуелсіздігі мен ұлттық мәдениетінің өсіп-өркендеуіне, ел өмірін қайта құру мақсатында қызмет ете бастайды. Жалпы, қазақ интеллигенциясын қалыптастыруда Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан университеттері мен басқа да жоғарғы және арнаулы орта білім беретін оқу орындары да айтарлықтай роль атқарды. ХІХ ғасырдың 20-шы жылдарынан 1917 жылға дейінгі мерзімде Қазан университетінде 30-ға жуық қазақ жастары, ал ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезінде Петербург университетінде 20-ға жуық қазақ студенттері оқыпты, олардың қатарында Б. Қаратаев, Б. Құлманов, Б. Сыртанов, А. Тұрлыбаев, Ж. Досмұхамедов, М. Шоқаев, Ж.Ақбаев, т.б болды. Мәскеу мен Петербургтің басқа жоғары оқу орындарын Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, М. Тынышбаев, т.б. қазақ жастары бітірген. Қазақ жастары Ресейден тыс шетелдік шығыс оқу орындарында да оқыған. 1917 жылға дейінгі кезеңде Стамбул университетінде Ә. Ғайсин, С. Шанов, Д. Көлбаев, М. Тұрғанбаев және Ә. Машаев деген жастар білім алған. Толық емес мәліметтер бойынша 1917 жылға дейінгі уақытта 120-ға жуық қазақ жастары әр түрлі жоғарғы оқу орындарын